

2003-2005 жылдар "Ауыл жылы" болып жариялануына байланысты, алғашқы кезде "Ауылшаруашылық өндірісі" кафедрасы болып құрылған Агроөнеркәсіптік факультеті бас-аяғы 3-4 жылдың аралығында көреген басшы, алғыр ұйымдастырушы, ҚҰА академигі У.Бишімбаевтың іскерлігінің арқ-

есіру, топырақ құрамын анықтау, оны өңдеу, тыңайтқыштарды пайдалану, мақта дақылын өсіру, баптау технологияларын жетілдіру-тәжірибелері, өгіншілік саласы пәндері бойынша Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты және "Тассай" бөлімшесінің ғылыми-тәжірибелік танап-

руашылықтарында ауылшаруашылық дақылдарын өсіру, топырақ өңдеу, құнарлылығын анықтау, суару жүйесін жетілдіру жөніндегі аудандық, аймақтық, облыстық ауыл шаруашылығы департаменттерінде клиникалық, технологиялық сабақтар, оқу және өндірістік тәжірибелерден

# БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУ – КҮН ТАЛАБЫ

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы Жолдауында бәсекеге қабілетті сапалы өнім шығару, халықтың әл-ауқатын көтеру үшін қандай бағыттардың болса да бар екенін пайымдау керектігін баса айтты және осы орайда ол екі бағытты: егін және мал шаруашылығын дамыуды ерекше айқындап көрсетті.*

асында осы кезде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің 11 институтының құрамындағы алдыңғы қатарлы Агроөнеркәсіптік институт дәрежесіне дейін көтеріліп, оңтүстік өңіріндегі ауыл шаруашылығының барлық саласына мамандар даярлайтын бірден-бір оқу орны болып қалыптасты.

Институт құрамында "Агротехнология", "Биотехнология", "Ветеринарлық медицина және зоотехника", "Су ресурстары және жерді пайдалану", "Физика" және "Практикалық қазақ тілі" тәрізді алты кафедра бар. Студенттерге 129 оқытушы, оның ішінде бір ҚР ҰҒА академигі, 10 ғылым докторы мен профессорлар, 3 ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегерлері, 50 ғылым кандидаты мен доценттер, жоғарғы дәрежедегі оқытушылар дәріс береді.

Институт құрамындағы кафедралар қарамағында заманауи оқу-зертханалық-клиникалық база бар, Оңтүстік—Батыс Ауылшаруашылық ғылыми-зерттеу орталығының негізінде жұмыс-тәжірибе өткізіледі. Соның ішінде ауылшаруашылық дақылдарын

тарында өткізіледі. Патологиялық анатомия, паразитология және эпизотология пәндері бойынша Оңтүстік Қазақстан Ветеринарлық ғылыми-зерттеу стансасында, Молекулалық генетика және гендік инженерия пәндері бойынша осы аталмыш ОБАҒЗО "Тассай" бөлімшесіндегі бас ғимаратында заманауи сай техника және технологиялық оқу құралдарымен жабдықталған зертханалар институт студенттеріне қызмет етуде.

Оқытудың кредиттік жүйе талаптарына сәйкес, институтта оқылатын пәндер кейс бағдарламасы бойынша дайындалған. Сондай-ақ, дәріс процесіне осы заманғы ғылыми жетістіктер (дипроектор, кадоскоп, кинопроектор т.с.с.) кеңінен пайдаланылады.

Оқыту процесінде студенттер оқу жоспарына сай Оңтүстік-Батыс Ауылшаруашылық ғылыми зерттеу орталығының "Тассай" ғылыми-тәжірибелік бөлімшесінде, Қазақ Мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында, "Сайрамсүт", "Фуд-Мастер", "Шымкентсыра" ЖШС-тері, "Оңтүстікқұс" АҚ ша-

өтеді.

Агроөнеркәсіптік институт түлектері ауылшаруашылық көшеннің қазіргі заман талабына сай барлық салаларына жоғары сапалы, экологиялық таза азық-түлік, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу және сақтау, жерді ұтымды пайдалану, су ресурстарын үнемді, шығынсыз пайдалану бағытындағы жоғарғы білікті, өз ісінің жетік мамандарын дайындайды.

Мемлекет басшысының ауылға деген қамқорлығының арқасында жылдан-жылға ауыл шаруашылығы мамандарын даярлау үшін мемлекет гранттары көптеп бөлінуде.

Ауылды гүлдендіруге өз үлесімді қосамын деуші жас мектеп бітіруші түлектерді, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің агроөнеркәсіптік институтына шақырамыз.

**Ө. ШАЙЫҚ,**  
«Агротехнология» кафедрасының доценті, ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты.